

А. Сайлауқызы¹, Г. Құрманғалиева-Ерджиласун², А.М. Шурентаев³

¹М.С.Нәрікбаев атындағы KAZGUU, Астана, Қазақстан

²Анкара Қажы Байрам Уәли университеті, Түркия, Анкара

³Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

E-mail: alma.sailaukyzy@gmail.com, g.ercilasun@hbv.edu.tr, shurentaev@mail.ru

Сейдәзім Қадырбай публицистикасындағы құқықтық мәселелер

Аңдатпа. Мақалада алаш қайраткері, құқық саласының білгірі болған Сейдәзім Қадырбайдың мұрасы мен ондағы тілдік құрылым құқықтық публицистика ракурсынан қарастырылған. Халықаралық талапқа сай құқықтық журналистика үдесінен шыққан қазақ тіліндегі заң актілерінің түсіндірілуі мен оның халыққа насихатталу жолдарына алғаш рет баға беріледі. Өмірі мен еңбегі әлі де толық зерттелмей келе жатқан публицист, құқықтанушының қызметі туралы өткен ғасырда сөз қозғалған З.Тоғанның Стамбулдан жарық көрген туындыларындағы Сейдәзім Қадырбайдың тұлғалық болмысы сараланады. Оның Алаш ұлт-азаттық қозғалысындағы рөлі мен қызметі ғылыми тұрғыдан сарапталады. Публицистік мақалаларына сипаттама беріліп, мән-мазмұнына шолу жасалады.

Құқықтық лексиканың іргетасын қалаушылардың бірі болған Сейдәзім Құлмағамбетұлының танымдық-ағартушылық миссияны атқарған тәржімалық еңбектерінің нәтижелері де өзектілік қағидасына сай талданып, қазақ танымна сай, қабылдауға оңай, тілге жатық құқық тілін қалыптастырудағы еңбегі нақты мысалдармен айқындалады. Сол кездегі баспасөзде жарияланған мақалалары салалық журналистиканың, яғни құқықтық публицистианың әлеуеті тұрғысынан талданады.
Түйін сөздер: Сейдәзім Қадырбай, құқықтық журналистика тарихы, алаштану, заң тілі.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2023-143-2-115-125>


Кіріспе. Алаш заңгері, саясаткер, Әскери кеңес пен Алаш әскерінің негізін қалаушылардың бірі, құқықтанушы, аудармашы, өлкетанушы және публицист Сейдәзім Құлмағамбетұлы Қадырбайдың ресми түрде ақталғанына 57 жылдың жүзі болса да, оның ардақты есімін, халқына жасаған қызметін, соңынан қалдырған мол құнды мұрасын танып-білу жұмысы әлі де кемшін түсіп жатқаны рас. Алаштың асыл арысының өмірі туралы деректерді қазақ қоғамы араға жылдар салып, алғашқылардың бірі болып «Алаштың топ бастаған серкесі» деп баға берген Гүлнәр Дулатованың естелігінен білсе, кейінірек жазушы Қайсар Әлімнің зерттеулерінен,

сондай-ақ «Міржақыппен мүдделес, Ахметпен ақылдас» деген теңеу айтқан публицист-зерттеуші Еркін Мұсабековтың мақалаларынан; жазушы, ғалым Елдос Тоқтарбайдың және жас зерттеуші Бағлан Әбеудің мұрағат деректеріне сүйенген баяндамаларынан көбірек мағлұмат алды.

Алайда Түркия және сол арқылы Еуропа зерттеушілері оның есімі мен атқарған қызметі туралы ертерек білді десек қателеспейміз. Оған дәлел, А.Зәки Уәлиди Тоғанның 1942 жылы жарық көрген «Bugünkü Türkili (Türkistan) ve yakın tarihi» (Бүгінгі Түркіелі (Түркістан) және оның жақын тарихы) атты кітабында «Bunlar da Başkurdistan'da benden,

Kazakistan'ın Seyitazim Kadirbayev'den ve Orenburg Kozaklarından Ataman Kargin'den müteşekkil bir müşterek hükümeti kurmak ve Başkumandanlığına Miralay Maxin'i tayin etmek olacaktı» (Бұлар Башқұртстаннан мені, Қазақстаннан Сейітәзім Қадырбаевты және Орынбор казактарының бірі атаман Қаргиннен тұратын бірлескен үкімет құрып, бас қолбасшы етіп полковник Махинді тағайындамақ болды) деген жолдар бар [Togan, 1942].

hükümetinin hariciye Nazırı Mustafa Çokayev müşahit sıfatiyle hazır bulundular» [Togan, 1969] яғни «Съезімізге қазақтардан Сейітәзім Қыдырбаев пен бізден 10 күн өткен соң Қоқанда құрылған Түркістан үкіметінің Сыртқы істер министрі Мұстафа Шоқаев бақылаушы ретінде қатысты» деп, маңызды оқиғаларды еске алғанда, Сейдәзім Қадырбайдың есіміне жеке-дара тоқталып отырғанын көре аламыз [Құрманғалиева-Ерджиласун, 2023].



Ал дәл сол Зәки Уәлидидің «Hâtıralar» (Естеліктер) атты келесі еңбегінде Сейдәзім Қадырбайдың есімі аталып, атқарған қызметі сипатталады. Осы кітапта «Kazakistan hükümetinin batı kısmı mümessili Seyitazim Kadirbayev idi. O eski Turğay vâliligi binasında yerleşmişti» (Қазақ үкіметінің батыс бөлігінің өкілі Сейітәзім Қыдырбаев болды. Оны ескі Торғай губернаторының кеңсесінде орналастырды) деген деректер келтірілген. Сонымен қатар, келесі бөлімде «Kongremizde Kazaklardan Seyitazim Kadirbayev ve bizden 10 gün sonra Khoqand'da teşkil olunan muhtar Türkistan

Не себепті Сейдәзім Қадырбайды заманауи ұлттық құқықтық публицистикасының негізін қалаушылардың бірі деп санауға болады және оның бұл миссиясына не түрткі болды? Ол 1864 жылы ұлт ұстазы – Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептен екі жылға жуық білім алып, үздік бітірген соң, 1901-1905 жылдары Орынбордағы қазақ мұғалімдерін даярлайтын оқу орнын жоғары нәтижемен аяқтаған. Оқу бітірген соң, оқытушылық-ағартушылық жолға түспей, құқықтық-саяси бағытты таңдайды. Өйткені осы мектепте оқыған

шақта Сейдәзім Ресейдің ішкі қалаларынан саяси көзқарасы үшін қудаланған орыстың демократ зиялыларынан сабақ алып, жақын араласып, өз бетінше заң, құқық ілімдерін құмарта оқыған еді. Оған түрткі болған басты себеп, әрине, колонизация қарқынымен келген сол кездегі қазақ халқының басындағы саяси-экономикалық, рухани-мәдени сергелдеңдер болатын. «Мен қазақ зиялысы ретінде халқымның патшалық кезеңде көрген қорлығы мен қанауын сезбеуім және түсінбеуім, әрине, мүмкін емес-ті...» дейді бұл туралы С.Қадырбайдың өзі.

Сейдәзім Қадырбайдың құқық саласының білгірі болып қалыптасу жолы туралы оны зерттеген ғалымдардың пікірлері де бір-бірімен үндесіп келеді. «Халық жауы» деп атылған Сейдәзім Қадырбай өз заманының аты шыққан белгілі заңгері еді. 1905-1920 жылдары Алаш ұлт-азаттық қозғалысының сапында болған қазақ оқығаны. Совет үкіметі қысыммен орнағанда, сол большевиктік жүйенің рақымшылығын (амниция) алып, сот ісі, құқық саласында қызмет еткен азамат болатын», дейді ол хақында зерттеуші Елдос Тоқтарбай [Тоқтарбай, 2019]. «Сейдәзім Юстиция Комиссариатында қызмет еткен жылдарында «Қылмыс заңын» (қазіргі «қылмыстық Кодекс») қазақшаға тәржімалап, шала сауатты заңгерлер үшін баға жетпес көмекші құрал жасаған. Қадырбаев аударған «Қылмыс заңы» 1923 жылы Орынборда кітап болып басылып шығып, сот жүйесі өндірісінде зор сұранысқа ие болған» дейді, Сейдазім мұрасын зерттеушілердің бірі Еркін Мұсабеков [Мұсабеков, 2012]. «Сейдәзімнің әділдігі, ортақ мүддені бәрінен жоғары қоюға негізделген іскерлігі мен ұйымдастырушылығы, бәрін айт та бірін айт, ең бастысы – қызметтегі ар тазалығына кір келтірмеуі былайғыларды тәнті еткен», деп баға береді оның қарастырған істері мен шығарған шешімдерін зерттеген жазушы Қайсар Әлім [Әлім, 2009]. Жемқорлықпен күресіп, оның алдын алудың маңызы зор екенін түсінген ұлтшыл С.Қадырбай өзінің әділдікті ту еткен қатал шешімдері туралы «Қазір қатты кетсек, ертеңіміз жұмсақ болады», деп айтуы содан болса керек.

Алайда қызметтік парқы қаншалықты өткір болса да, «Сейдәзімнің тұрмыстық тіршіліктегі жүрек жұмсақтығы өзгелерді тәнті еткен. Дастарқаны жиылмайтын қолы ашық, ән-жырға бейім, өзі де шығарып салатын от ауызды, орақ тілді шешен, әңгіме-дүкенге шебер, күлкісі шайдай ашық, көңілденгенде балаша масайрап, шалқып кететін, қайырымды жүрек иесі болыпты», дейді бұл туралы Қ.Әлім өз зерттеуінде [Әлім, 2009].

Тәжірибелі заңгер, құқықтанушы, «Алашорда» үкіметінің 1917 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған Жарғы (Қазақ автономиясының тұңғыш Ата заңы) авторларының бірі, «Ұлттық кеңестің» мүшесі Сейдәзім Қадырбайдың күрескерлік өмірін суреттейтін қасиеттері – кәсібилік, табандылық, жанашырлық, қайсарлық, әділдік, тәртіпсүйгіштік, хұқық үстемдігін дәріптеу, біліктілік және іскерлік. Сейдәзім Қадырбайдың кәсіби шыңдалып, заң саласының майталманы болуына ол атқарған қызметтердің мол тәжірибесі де зор әсер еткені анық. 1922-1929 жылдар аралығында Қазақ АКСР Юстиция Халық Комиссариатының Сот құрылысы және бақылау бөлімінің меңгерушісі болса, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін, Наркомюста (қазіргі Әділет министрлігі) жауапты қызмет атқарған. Сол кездері қызметін атқарып жүріп, мерзімді баспасөзде публицистік мақалаларын да тұрақты түрде жариялап тұрады. Солардың бірқатары төмендегідей:

❖ «Торғай һәм ыргыз уезінің халқына» мақаласы. «Қазақ» газетінің №207 санында жарық көрген. Авторлары: А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Тұнғаншин, С.Қадырбай. Мақалада Алаш зиялыларының 25 маусымдағы патша жарлығына қатысты пікірлері туралы баяндалады.

❖ «Шорай ислам» мақаласы. «Қазақ» газетінің №233 нөміріне шыққан. Авторлары: Ж.Жәнібек, М.Дулатұлы, С.Қадырбай, Е.Ғұмыр, И.Әлімбек, Н.Бегімет. Мақалада «Шорай Ислам» ұйымының құрылғандығы туралы айтылған.

❖ «Жел оңынан шықтыға жауап» мақаласы. – «Еңбекшіл қазақ» басылымының №237 нөмірінде жарық көрген. Авторлары: С.Қадырбай және М.Байменшеұлы. Материал «Ауыл» газетінің 57-нөмірінде шыққан

Мұхаметжан Бейсенұлының мақаласына қарсы жауап ретінде жазылған.

Осы жарияланымдарға қарай отырып, С.Қадырбайды қаламы қарымды публицист, құқықтаншы журналист деп баға беруге толықтай негіз бар. Бұл еңбектер (заңнамалық актілер, құқықтық құжаттар мен публицистік мақалалар) бірнеше миссияны атқарды дей аламыз. Олар: Кеңес өкіметі саясатының ерекше мәнін бейнелейтін заңдарды жергілікті халыққа тәржімалап жеткізу; халық арасындағы қылмыстың алдын-алу; сауатсыз халықты құқықтық қорғауға тәрбиелеу; қазақтың сот қызметкерлерінің ана тілінде сөйлеп, қызмет етуін қамтамасыз ету, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң үстемдік ететін құқықтық азаматтық қоғамның іргетасын бекіту.

Құқықтық журналистиканы зерттеуші орыс ғалымы Елена Березинаның пікірінше, егер бұқараға ұсынылатын медиаматериал «1) Заң туралы жалпы ақпаратты және нормативті-құқықтық актілерді жариялаудан; 2) Сот барысы туралы баяндайтын публицистиканы қамтудан; 3) Қылмыстық хрониканы беруден; 4) Көркем публицистика арқылы адамгершілік пен құқықтық нормаларды қозғаудан; 5) Құқықтық кеңестер беретін материалдардан тұрса, онда оны құқықтық публицистикаға жатқыза аламыз [Березина, 2010]. С.Қадырбайдың өмірі мен қызметі туралы хабар беретін мұраларынан бұл айтылған сипаттамаларға нақты мысалдар көруге болады. Ол қызметі мен жазған туындылары арқылы өз қоғамының құқықтық мәселелерін ғана емес, қазақ тілінің мәртебесін көтеру арқылы ұлт руханиятына да қызмет етті.

Мәселен, жас зерттеуші Бағлан Әбеу өз ғылыми мақаласында былай дейді: «1924 жылдың соңында ҚазАКСР сот аймақтарының саны 127-ге жетсе, оны 41-і қазақ, 21-і аралас болды. Ал 96 тергеу аймағының 36-сы қазақ, 14-і аралас аймақты құрады. Бұл көрсеткіштер Әділет Халық комиссариатының зор еңбегі болып табылады. Соның ішінде Сейдәзім Қадырбай үлкен рөл атқарды деп нық сеніммен айта аламыз» [Әбеу, 2019]. Сейдәзім Қадырбайдың бұл қоғамдық

маңызды еңбектеріне дәлелдерді Алаш көсемсөзінің үлгілерінен да кездестіре аламыз. Ол деректер мына тақырыптарға қатысты:

1. Қазақ құқықтық тілін қалыптастырудың алғышартын қалауы.
2. Заң саласындағы курстарды жүргізуі.
3. Сапалы заң тілінің тәржімасын жасауы.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін бірнеше мысал келтірсек. Сол жылдары Қазақ үкіметінің басшысы болған С.Сейфуллин газет беттеріндегі жазған мақалаларында қазақ тілін кеңселерде жүргізуде «Өрнек салып, үлгі көрсетіп отырған Заң комиссариатына теңеліңдер!» деп ұран тастау арқылы С.Қадырбай және Н.Нұрмақовтың қызмет еткен комиссариатының атқарушылық жұмыстарына берілген әділ баға деуге негіз бар.

Міржақып Дулатұлының 1925 жылы 6 ақпанда «Еңбекші қазақтың» №285 санында «Заң курсы ашылмақ» атты мақаласы жарияланады. [Дулатұлы, 2013] Мақалада заң курсының Орынборда ашылатындығы, курсқа қандай азаматтар алынатындығы, курстың қазақ тілінде өтетіндігі және курсты кім жүргізетіні туралы ақпараттар берген. Сол тізімде Сейдәзім де бар. Олар туралы М.Дулатұлы: «Бұлардың көбі жоғары заң ғылымын оқып шыққандар, осы күндерде Заң комиссариатында ірі қызметтегілер, оқумен де, тоқумен де ысылған мамандар...» деп пікірін білдірген. Сейдәзім 1926 жылы шілде айынан заң курсынағы ұстаздық қызметін бастайды. Расында да ол Қазақстанның заңтану, құқықтану ғылымын кәсіби деңгейде зерделеген, соның ішінде алғашқылардың бірі болып мемлекет және құқық теориясының мәселелерін ғылыми талдаудан өткізіп, құқықтану бағытында бірнеше еңбектерді қазақшаға тәржімалаған қайраткерлердің бірі еді [Әбеу, 2019].

Ал 1924 жылы «Ақ жол» газетінің 436-санында жарияланған мақалада сапасыз аударма, оның халықтың санасы мен қазақ тілін бұзудағы салдары мен жаңа кітапқа тектен тек шашылған қаражат туралы былай делінген: «Сейдәзім законның мәнісін, рухын жақсы түсініп

аудар алатындығын Түркістандағы азаматтардың бірсыпырасы білетін еді. «Қылмыс Заңы» Орынборда өткен 1923 жылда басылып та шығып еді. Енді соның бәрінің артынан 1924 жылы мынадай «Жауыздық низамнамасы» шығып отыр. Сейдәзімнің кітабы мен мұның тәржімасын салыстырып, бұдан Сейдәзімдікі нашар болғанда ғана мұны басу керек еді. Қанша пұл, қанша қағаз, қанша еңбек босқа кетіп отыр... «Жауыздық низамнамасы» қолдануға анық жарамайды. Бұл кітап сот-тергеу мекемелерін адастырады. Бұл кітап қазақтың тілін бұзады. Сондықтан бұл кітапты доғару керек. Әсіресе, закон болғандықтан доғарттыру керек».

«Мәнісі мен рухын түсініп жазған» сол заңнамалық актілерге келейік. С.Қадырбайдың бүгінгі күнге дейін төте жазу және латын графикасынан Бағлан Әбеудің еңбегімен кириллицаға қайта терілген мұраларының ішінен үш заңды зерттеу нысанына алып қарастырып көрсек. Ол құқықтық құжаттардың атаулары мен баспа жүзін көрген жылдары төмендегідей:

1. Қылмыстық істерді жүргізу заңы, 1924 жыл.

(Қазақстан Заңкомиссариаты Қазақстан мемлекет баспасөз бөлімі арқылы 1924 жылы Орынборда басып шығарылған. Аударғандар – С.Қадырбай, М. Дулатұлы, Т.Арыстанбек).

2. Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заң, 1929 жыл.

(Қазақстан Заң комиссариаты Қазақстан мемлекет баспасөзі бөлімі арқылы 1929 жылы Орал қаласында басылып шығарылған. Аударғандар – С. Қадырбай, А.Нұрымов).

3. Ақылы істерді жүргізу заңы, 1930 жыл.

(Қазақстан Заң комиссариаты Қазақстан мемлекет баспасөзі бөлімі арқылы 1930 жылы Қызылорда қаласында басылып шығарылған. Аударған – Сейдәзім Қадырбай).

С.Қадырбайдың саяси-құқықтық мұрасы болып саналатын бұл еңбектеріне зерттеушілер Е.Тоқтарбай мен Б.Әбеу төмендегідей сипаттама береді:

«Қылмыстық істерді жүргізу заңы» – бұл «Уголовно-процессуальный кодекс»

атты заңдық құжаттың аудармасы. Бұл заң 1922 жылы сот ісіндегі реформаның өзгеруіне байланысты 1923 жылы алғашқы рет басылып шығарылды. Заңның мазмұны алты бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде сот ісінде шешім шығаруда немесе сот ісінде қолданылатын терминдерге анықтама және жалпы ережелер берілген. Қалған бөлімдерінде қылмыстық істі алғаш рет қозғап, толық анықтағаннан бастап, тиісті жаза қолданғанға дейінгі барлық тергеу және жазалау істеріндегі сот мекемелерінің атқаратын міндеттері буын-буынмен сатылап көрсетілген. Заңдық құжатты қазақша дайындағанда, еркін аударманы қолданғанын байқаймыз. Себебі заңда көптеген атаулар халыққа қолдануға және атауға жеңіл болуы үшін «судья» деген ұғым «би» деп, «үкімді» «билік» деп, «право» дегенді «жол» деп аударылған. Мұның барлығы аудармашылардың шалалығы деп түсінбей, біздің аударма өнерінің, оның ішінде заңгерлік саладағы даму жолының белгісі ретінде қарауға болады.

«Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заңы» – бұл Әділет халық комиссариатының тікелей тапсырмасымен 1929 жылы Орал қаласында басылып шығарылған заңдар жинағы. Заңды аударған: А.Нұрымов, мәтінді өңдеген: С.Қадырбай. Бұл заң жинағы 4 айырық, 146 баптан тұрады. Әрбір айырық неке, үй-іші, қамқорлық, балаларды асыру және т.б. буындардан тұрады. Заңның негізінде 1920 жылдан бастап барлық неке хатталу жолына түсті. Бірақ, 1920 жылға дейін шарифат жолымен некелескен ерлі-зайыптылардың да некелік күші жойылмаған. Одан бөлек, ерлі-зайыптылардың тектері, қандай жағдайда әке-шешелік құқықтан айырылатыны, талақтан кейін ортада қалған бала кімнің қолында тәрбиеленетіні, балалардың ата-ана алдындағы құқықтары сынды мәселелерді шешуге бағытталған.

«Ақылы істерді жүргізу заңы» – бұл Әділет халық комиссариатының тікелей тапсырысымен бастырылған заң құжаты. Алғашқысы нұсқасы 1923 жылдан бастап өз заңдық күшіне енген. Заңдық күші 1961 жылы жойылды. Аударма еңбегі 1930 жылдың 20 наурызына дейінгі болған өзгеріс, қосымшаларды қамтыған. Заңның

мазмұны 5 бөлімнен, 37 буыннан тұрады. Әр бөлімі ақы ісінде туындайтын әр түрлі мәселелерге, шешу жолдары және қаралатын мерзіміне бағытталады. Сот ісінде ақыны қалай өндіруге болатыны және ақы сұрау жағдайында әрбір істегі ақының мөлшері көрсетілген. Бұл заң құралы – сол кездегі қазақтарды өз құқықтарын қандай жағдайда қорғай алатыны туралы сауаттылығын жетілдірген өте құнды және әділ заң жинағы.

Құқықтық публицистикада қолданылатын «адресат-адресант» корреляциясына толық жауап беретін үдеден шығу, яғни халықтың мұқтаждығын ойлайтын, жанашыр қамқорлықты танытатын заң тілі – бұқараның түсініспеушілігінің алдын алып, дәлелді, дәйекті, ұғымды және верификациядан өткен сезім туғызып, халықтың құқықтық қызығушылығын арттыратынына көптеген ғалымдардың зерттеулері дәлел [Богомолов, 2002]. Бұл заң да сол принциптік үдеден шыға білген.

Нысанға алған заң актілерімен таныса отырып, оның тілі мен беру тәсілдерін зерделеуге тырыстық. Құқықтық публицистиканың жарқын нұсқасы болған бұл туындылар қазіргі мемлекеттік заңшығарушы органдарға үлгі болып қана қоймай, құқықтану саласы мен құқықтық журналистиканың бірқатар мәселесін шешуге қауқарлы. Ең алдымен, қазіргі таңда өзекті болып саналатын құқықтық терминология мен құқықтық баспасөз мәтінінің өзекті проблемаларының ракурсынан қарар болсақ, өзіндік ерекшеліктерді ажыратып, айқындай аламыз. С.Қадырбай дайындаған осы үш заңда кездесетін сөздерге шартты түрде келесідей жіктеліс жасадық:

1. *Бүгінгі заманның салалық ұғымдары мен публицистика тіліне сол кездің өзінде негіз қаланғанына келесі сөздері дәлел:* мәлімдеме, айғақ, тергеу, қаулы, хабарландыру, анықтама, мекеме, қылмыс, іс, бұлтартпау шарасы, сезікті, тұтқын, тінту, жәбірленуші, мәжіліс, жауапқа тарту, ықтиярлы, сарапшы, хатшы, азамат, мемлекет, дана, өкіл, еңбекақы, мұрагер, тармақ, мүлік, жарна, неке және т.б.

2. *Кейбір ескірген нұсқалар бүгінгі қолданыстан түсіп қалғанына келесі*

мысалдар арқылы көз жетіземіз: яки, һәм, сөтке, хәкімшілік, милиция, ғамал (амал), мәжіліс ағасы, мұғай (нақты), жәбір иесі (жәбірленуші), шаһар, қосақ, ыжнабатталу (қуәландырылу), пұт, айрық (атау), қосақ (ерлі-зайыпты), мәжнүн (ақыл-есі кем), толғақхана (перзентхана), талақ (ажырасу) және т.б.

3. *Сол кезде қолданылған кейбір ұтымды нұсқалар заман талабына сай болса да, орыс тілінің ықпалымен заң тілінен ысырылып шыққанына дәлел:* би (судья), хұқық, домалақ қағаз, мәлімдеме (анонимді), айыпкер, міндеткерлік қағаз, буын (тарау), айыптауды қуаттау, ұйғару, қылмысты қиянат (билер тарапынан), сотшағым, міндеткер, даутер, кешірім жарлығы (амнистия), қалаухат, жақындасу (жыныстық қатынас), дәулетсіздену (банкротство), арызшы (арыз беруші), қосшы билердің серт-уәдесі және т.б.

4. *Бұрын орысша нұсқасында болып, бүгінгі таңда қазақшаланған терминдер мен сөздер:* статья (бап), залог (кепіл), подписка (қолхат), коллектив (ұжым), устав, кантор (кеңсе), февраль, март, декабрь, вилька (шанышқы), капуста (орамжапырақ), ЗАГС (АХАЖ), торг жасау (саудаласу) және т.б.

5. *Әлі күнге дейін тура сол күйінде тиімді қолданылып келе жатқан кірме ұғымдар:* еңбек қорғаушы инспекциялар, комиссариат, президиум, кооперация, комиссия, нотариус, депозит, фабрика-зауыт, акт, акция, нота, консул және т.б.

6. *Құқықтық терминологияда және публицистикада басқа баламасы шыққан сөз нұсқалары:* іс басындағы адам (лауазымды қызметкер); жасы толмаған айыпкер (кәмелеттік жасқа толмаған айыпталушы), үйінде тұтқын қылу (үйқамақ), кәсіп шарты (еңбек шарты), келіс шарты, кәсіпшілік одақ (кәсіподақ), таңба алым, аласылы кісі (талапкер), округтық сот, бересілі кісі (жауапкер), екі жұма (екі апта) және т.с.с. [Сайлауқызы, 2023]

Жоғарыда көрсетілген тілдік ерекшеліктер мен тиімді нұсқаларды ескере отырып, тәуелсіз Қазақстанның заманауи дамуына орай, бүгінгі таңда Сейдәзім Қадырбай негізін қалаған құқықтық терминология мен құқықтық публицистика үлгілерін заманға сай

қолданудың бірнеше тетігі бар деп тұжырым жасай аламыз. Олар:

- **Құқықтық іс қағаздарын жазудың, жүргізудің көрнекті үлгісі.** Жатық тілді, мол мағыналы, нақты балама аударма. Өтініш пен қаулы, анықтама, хабарландыру, шақыру қағаз, ұйғару үлгілері әсіресе өзекті. Қазіргі кейбір шаблон құжаттардың мағынасын ұғу қиын. Ал С.Қадырбайдың құқықтық мұрасында ол құжаттардың тілге жатық, заңға сай үлгілері бар.

- **Құқықтық журналистика тілін жүргізудің қайнаркөзі.** Тәуелсіздік жылдарында қалыптасқан «Заң газеті», «Әділ сот», «Нормативтік-құқықтық актілер бюллетені», «Қазақстан заңдары» және тағы басқа газет-журналдар 1994 жылдан бері қазақ тіліндегі құқықтық журналистиканың негізін біршама қалағаны рас [Шүрентаев А; Есдәулетов А, 2019]. Алайда еліміздегі құқықтық журналистика біршама даму сатысынан өтсе де, ол кеңістікке тән қазақ тіліндегі терминдердің тілге жатықтығы әлі де жетілдіруді қажет етеді. Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам және қазақ тіл ғылымындағы, Халел Досмұхамедұлының медициналық, өсімдіктану терминдері әлі күнге белсенді қолданыста болып, қажетке жарап тұрса, ал құқық саласындағы терминдер ұғынықтылығы жағынан ақсап тұрғаны рас. Бұқаралық журналистикада балама ұтымды нұсқасын қолдану тавтологиядан арылтып, ойды анық, айқын, мазмұнды болуына қызмет етер еді. Мәселен, амнистияға ілікті деген мақала тақырыбын «Кешірім жарлығына қол қойылды» деп берсе, әрі қазақы қалыпты сақтайды, әрі мағынаны ашады.

- **Құқық саласында маман даярлайтын арнаулы және жоғары оқу орындарының білім алушыларына С.Қадырбайдың мұрасын насихаттап, еңбектерін дәрістерде қолдану қажет.** С.Қадырбайдың өмірі, нақтырақ айтар болсақ, адами болмысы мен кәсіби жолы хақында ғылыми мақалалар жазып, дипломдық жұмыстар қорғап, зерттеу объектісіне айналдырса, осылайша ол мұраны ғылыми айналымға енгізудің тетігі іске қосылған болар еді.

- **Қазақ аударма саласында, ресми-іскери стильде Алаш қайраткерлерінің әдістемесін молынан енгізу, жаңғырту, қолдану.** Соңғы жылдары әлемдік бестселлерлерді қазақша аудару деген жақсы үрдіс басталды, алайда, ол еңбектердің тілі мен аударма мәселесі көбіне мазмұны айқын, сауатты, талапқа сай, салмақты дүние деуге келмейді. Аудармашылар, сала мамандары жаңадан қисынсыз сөздер мен сөз тіркестерін «ойлап табар» алдында, осындай салалық кітаптарға жүгінетін кез келді. Мәселен, «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заңына қосымша» деген бөлімде қазақтың төлтума сөздеріне негізделген сөздік бар. Религиозный обряд – Діни рәсім; Кровное происхождение – Қандастық; Родительские права – Ата-ана пұрсаты деген аударма үлгілеріне қарап, тәржіма ісіне зор дайындықпен келген арыстардың дайындап беріп кеткен қорын әлі толық қолдана алмай келе жатқанымызды көруге болады.

- **Заманауи заңдарды жазу ісіне үлгі.** ҚР Парламенті қабылдаған заңдардың 90 пайыздан астамы орыс тілінде жазылатыны көпшілікке мәлім. «Қазір заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу, заң мәтіндерінің тілі мен стилі, заңдарда терминдерді бірізді қолдану мәселелері өзекті болып тұр. Тәуелсіздік тұсында 3 мыңға жуық заң қабылданса, соның ішінде екі-ақ заң қазақ тілінде жазылды. Оның бірі Әкім Ысқақтың, екіншісі Фариза Оңғарсынованың бастамасымен жазылған «Көші-қон» туралы және «Бала құқықтары» жөніндегі заңдар» [Құрманбайұлы, 2019]. С.Қадырбайдың «Қылмыстық істерді жүргізу заңы» қазіргі «Қылмыстық кодекстің» мәтінін өңдеуде қолданылуға әбден лайықты. Бір айта кетерлігі, бұл жерде жаппай алып қолдануды ұсынып тұрғанымыз жоқ. Қазіргі кезде ескірген сөздер қатарына жататын «губерниялық соттар» деген ұғымдарды қажетке жаратып қолдана алмасақ да, бүгінгі күнде өзекті, жалпыадамзатық және ұлттық құндылықтарды алға тартқан идея мен мазмұнды заман игілігіне жаратуға болады.

Қорытындылай келгенде, Қазақстанның құқықтық терминологиясы

мен құқықтық публицистикасының негізін қалаушылардың бірі Сейдәзім Қадырбайдың мұрасын ғылыми және қоғамдық айналысқа батыл түрде енгізетін кез келді деп айта аламыз бар. Қылмыс пен жаза тақырыбы – әр заманның да оқырмандарын қызықтырған тақырып. Құқықтық мемлекет құрамыз деген тәуелсіз еліміз үшін оның орны тіпті бөлек болуы тиіс. Өйткені осы саланың зерттеушісі Фатима Шеудженнің пікірінше, «құқықтық журналистика» ұғымы салыстырмалы түрде таяуда пайда болса да, оның феномен ретінде қалыптасқанына жүздеген жыл өтті. «Қоғам дамуында отандық БАҚ-тың құқықтық журналистикасы жекедара феномен ретінде қалыптасуға толық құқылы. Оған алғышарттар да жеткілікті» [Шеуджен, 2003]. Бұқараның құқықтық сауатының артуымен, соған деген қажеттіліктің күшеюімен бұл саланы дамыту мәселесі де күн тәртібіне жиірек көтеріле беретіні анық.

С.Қадырбайдың жан серіктерінің бірі Міржақып Дулатұлы өз заманында құқық пен заң саласының қазақ үшін қаншалықты өзекті екенін ескерткендей: «Сейдәзім сен, соны соқпаққа түсуге тырыс! Қарын тоқтық, көйлек көктік жараспайды саған. Сертек

қара айналаңа. Серпіл. Сендей білімді жас өз еліне тигізер пайдасын жатпай-тұрмай ойлауы тиіс...» – деп, азаматтық борышын еске түсіріп, өзінше қайраған екен [Дулатұлы, 2013]. Елшіл жастарды тәрбиелеудегі ұлттық идеологияға айналуы тиіс нағыз мотивациялық қайнарлар Алаш арыстарының өмірі мен еңбектерінен алынарына осы бір мысал – кезекті бір айқын дәлел.

Ғұмыры жазықсыз қиылғанша құқықтанушы, заңгер қызметін атқарған Сейдәзім Қадырбай Алашорда қайраткері ретінде жаламен айыпталып, 1929 жылдан бері билік тарапынан сергелдеңге түсіп, жер аударылса да, атылған сәтке дейін өз саласының майталманы болып 1931-1938 жылдары Воронеждегі «Россовхозснаб» мекемесінде заң кеңесшісі болып қызмет істеген. Сейдәзім Қадырбайдың мұрасы қазақ қоғамының құқықтық санасына дем беруші негізге ие жаңа Қазақстандағы азаматтық жауапкершілікті арттыруда да алар рөлі мен әлеуеті зор екені анық. Қазақ құқықтық журналистикасының тарихында өзіндік орны бар С.Қадырбайдың еңбегі мен үлгісі бүгінгі таңда да белсенді түрде қолданылуы тиіс деуге толық негіз бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Әбеу Б. Сейдәзім Қадырбайдың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі. // «Қазақ кітабы: Алаш қайраткерлерінің кітап басу ісінің дамуына қосқан үлесі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Әлім Қ. «Наркомюст наркескені» мақаласы. – Егемен Қазақстан. – 2009. - № 124 (4 сәуір). – 5, 6 б.
3. Березина Е.А. Правовая журналистика в системе современных средств массовой информации [Электронды ресурс] – 2010. - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovaya-zhurnalistsika-v-sisteme-sovremennyh-sredstv-massovoy-informatsii-1> (дата обращения: 28.04.2023).
4. Богомолов М. В. Онтологический аспект социального воздействия правовой публицистики [Электронды ресурс] – 2002. - URL: <https://www.dissercat.com/content/ontologicheskii-aspekt-sotsialnogo-vozdveistviya-pravovoi-publitsistiki> (дата обращения: 29.04.2023).
5. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. «Арыстың бірі – Сейдәзім» естеліктерге негізделген мақала. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.
6. Дулатұлы М. Шығармалары. 3-т. – Алматы: Мектеп, 2013.
7. Құрманбайұлы Ш. «Заңдар неге қазақша жазылмайды?» –Тіл әлемі. – 2019. - URL: <https://tilalemi.kz/article/2185> (қаралған күні: 1.05.2023).
8. Құрманғалиева-Ерджиласун Г. Алаш заңгерлері жайлы Түркиядағы, Еуропадағы деректер. // «Алаш ардақтысы Сейдәзім Қадырбай: тұлғасы, мұрасы, қайраткерлігі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. – Қостанай, 26.05.2023.
9. Мұсабеков Е. «Сейдәзім – Алаш серкесі» мақаласы. // Орталық Қазақстан. – 2012. - №213/214 (15 желтоқсан). – 12 б.
10. Сайлауқызы А. Seydazim Kadirbayin Estrlerinde Hukuki Yayinlar ve Bugun Sagladigi Imkanlar // Journal Kardesh Kalemler. –Haziran 2023, yil 17, sayi 198, Ankara. P 58-66.

11. Тоқтарбай Е. «Қайта оралған қайраткер» мақаласы. – TURKISTAN газеті. – 2019. № 45 (14 қараша). – 6 б.
12. Шеуджен Ф. Ю. Журналистский правовой текст: Проблемы судебной интерпретации. – Краснодар, 2003. – 163 с.
13. Шүрентаев А., Есдәулетов А. Казахстанская юридическая пресса в первое десятилетие независимости. // Международная журналистика – 2019: Евразийско-атлантическое партнерство и медиа: материалы VIII Междунар. науч.-практ. конф. – Минск: БГУ, 2019. – с. 331-336.
14. Zeki Velidi Togan. «Bugunku Turkili (Turkistan) ve Yakın Tarihi». – Arkadaş, Ibrahim Horoz ve Güven Basımevleri, 1942 - Asia, Central, İstanbul.
15. Zeki Velidi Togan «Hatıralar». –1969. Tan Matbaası, İstanbul.

References

1. Abeu B. Seidazim Qadyrbaydyn omiri men qogamdyk-sayasi qyzmeti. [Seydazim Kadyrbai's life and social and political activity], "Qazaq kitabı: Alash qayratkerlerinin kitap basu isinin damuyna qosqan ulesi" halyqaralyq gylimi-tazhiribelik konferenciya materialdary [Kazakh Book: Contribution Of Alash Figures To The Development Of Book Printing International Scientific And Practical Conference Materials] (Kazakh University, Almaty, 2019).
2. Alim K. Narkomyust narakeskeni [Connoisseur of Justice] – Yegemen Kazakhstan. – 2009. No. 124 (4). – 5, 6 p.
3. Berezina E.A. Pravovaya zhurnalistika v sisteme sovremennyh sredstv massovoy informacii [Legal journalism in the system of modern mass media]. [Electronic resource] – 2010. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/pravovaya-zhurnalistika-v-sisteme-sovremennyh-sredstv-massovoy-informatsii-1> (Accessed: 28.04.2023).
4. Bogomolov M. V. Ontologicheskij aspekt social'nogo vozdejstviya pravovoj publicistiki. [Ontological aspect of the social impact of legal journalism. [Electronic resource] – 2002. URL: <https://www.dissertat.com/content/ontologicheskii-aspekt-sotsialnogo-vozdjestviya-pravovoi-publitsistiki> (Accessed: 29.04.2023).
5. Dulatova G.M. Alashtyn sonbes zhuldyzdary: Estelik-esse [Eternal stars of Alash: memoir-essay], "Arystyn biri – Seidazim" estelikterge negizdelgen makala ["One of the leaders is Seidazim" is an article based on memoirs]. (Mektep, Almaty, 2012, 392 p.).
6. Dulatuly M. Shygarmalary [Creative works]. 3rd vol. (Mektep, Almaty, 2013).
7. Qurmanbayuly Sh. "Zandar nege kazaksha zhazyldaydy?" [Why are laws not written in Kazakh?], Til alemi. – 2019. Available at: <https://tilalemi.kz/article/2185> (Accessed: 01.05.2023).
8. Kurmangalieva-Ercilasun G. Alash zangerleri zhayly Turkiyadagy, Europadgy derekter [Information about Alash lawyers in Turkey and Europe], "Alash ardaktysy Seydazim Kadyrbay: tulgasy, murasy, kayratkerligi" halykaralyk gylimi-tazhiribelik konferenciya [International scientific-practical conference "Seydazim Kadyrbai, Honorable Alash: personality, heritage, personality"] (Kostanay, May 26, 2023).
9. Mussabekov Ye. "Seydazim – Alash Serkesi" maqalasy [Article "Seydazim the leader of Alash"], Ortalyq Qazakhstan [Central Kazakhstan], 213/214, 12 (2012).
10. Sailaukyzy A. Seydazim Kadirbayin Estrlerinde Hukuki Yayınlar ve Bugun Sagladığı İmkanlar [Legal editions in the memoirs of Seydazim Kadirbai and current opportunities], Journal Kardesh Kalemler (Haziran June 2023, No 198, Ankara, pp. 58-66).
11. Toqtarbay E. "Qayta oralgan qayratker" maqalasy. [Returned Person], TURKISTAN newspaper, 45, 6 (2019).
12. Sheudzhen F.Yu. Zhurnalistskij pravovoj tekst: Problemy sudebnoj interpretacii [Journalistic legal text: Problems of judicial interpretation] (Krasnodar, 2003, 163 p.).
13. Shurentaev A., Yesdauletov A. Kazahstanskaya yuridicheskaya pressa v pervoe desyatiletie nezavisimosti [Kazakh legal press in the first decade of independence], Mezhdunarodnaya zhurnalistika – 2019: Evrazijsko-atlanticheskoe partnerstvo i media: materialy VIII Mezhdunar. nauch.-prakt. konf [International journalism - 2019: Eurasian-Atlantic partnership and media: materials of the VIII Intern. scientific-practical. conf.] (BSU Minsk, 2019. - p. 331-336).
14. Zeki Velidi Togan. Bugunku Turkili (Turkistan) ve Yakın Tarihi [«Today Turki (Turkistan) and Its Recent History»] ("Ibrahim Horoz" Printing house, Arkadas, Central Asia, İstanbul, 1942).
15. Zeki Velidi Togan. Hatıralar [Memories] (Tan Printing House, İstanbul, 1969).

A.Sailaukyzy¹, G.Kurmangaliyeva-Ercilasun², A.M. Shurentaev³

¹*M. Narikbayev KAZGUU University, Astana, Kazakhstan*

²*Ankara Kazhy Bayram Uali University, Turkey, Ankara*

³*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Legal Issues in Publicism by Seidazim Kadyrbai

Abstract. The article examines the legacy of Seydazim Kadyrbai, a prominent figure of Alash, an expert in the field of law, from the prism of legal journalism. For the first time, the interpretation of legal acts in the Kazakh language and ways of promoting them to the people, which are the result of international legal journalism, will be assessed. The personality of Seydazim Kadyrbai is distinguished in the works of Z. Togan published in Istanbul, who talked about the activities of the publicist, jurist, whose life and work are still not fully explored. His role and activities in the Alash national liberation movement are determined from a scientific point of view. The publicist's articles are described and their contents are considered. The results of law-making works of Seidazim Kulmagambetuly, who was one of the founders of legal vocabulary, and his work on formation of branch journalism on specific examples are analyzed. Articles published in the press of the time are considered from the perspective of the potential of industry journalism, that is, legal journalism.

Keywords: Seidazim Kadyrbai, history of legal journalism, Alash, language of law.

А.Сайлауқызы¹, Г.Құрманғалиева-Ерджиласун², А.М. Шурентаев³

¹*Университет КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева, Астана, Қазақстан*

²*Университет Анкары имени Хаджи Байрам Вали, Анкара, Түркия*

³*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақстан*

Правовые вопросы в публицистике Сейдазима Кадырбая

Аннотация. В статье рассматривается наследие Сейдазима Кадырбая, видного деятеля Алаша, знатока в области права, с призмы правовой журналистики. Впервые будет оцениваться толкование правовых актов на казахском языке и способы их донесения до народа, являющиеся результатом международной юридической журналистики. Личность Сейдазима Кадырбая выделяется в опубликованных в Стамбуле произведениях З.Тогана, рассказывающих о деятельности публициста, правоведа, жизнь и деятельность которого до сих пор до конца не изучены. Его роль и деятельность в Алашском национально-освободительном движении определяются с научной точки зрения. Описаны публицистические статьи и рассмотрено их содержание.

Анализируются результаты законотворческих трудов Сейдазима Кулмагамбетулы, являвшегося одним из основоположников юридической лексики, и его работа по формированию отраслевой журналистики на конкретных примерах. Статьи, опубликованные в прессе того времени, рассматриваются с точки зрения потенциала отраслевой журналистики, то есть юридической и правовой журналистики.

Ключевые слова: Сейдазим Кадырбай, история правовой журналистики, алашоведение, язык закона.

Авторлар туралы мәлімет:

Сайлауқызы А. – Ph.D., М.С.Нәрікбаев атындағы KAZGUU университетінің Adjunct Assistant профессоры, Астана, Қазақстан.

Құрманғалиева-Ерджиласун Г. – тарих ғылымдарының докторы, Анкара Қажы Байрам Уәли университетінің профессоры, Анкара, Түркия.

Шүрентаев А. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дің Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, Астана, Қазақстан.

Sailaukyzy A. – PhD, Adjunct Assistant Professor, Narikbayev KAZGUU University, Astana, Kazakhstan.

Kurmangaliyeva-Ercilasun G. – Doctor of Historical Sciences, Professor, Ankara Kazhy Bayram Uali University, Turkey, Ankara.

Shurentaev A. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.